

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің 60 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары– 13: дәстүрлерді сақтай отырып, болашақты құру» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 13: сохраняя традиции, создавая будущее», посвященная 60-летию Казахского агротехнического университета имени С.Сейфуллина. - 2017. - Т.1, Ч.4. - Б.78-82

АГРАРЛЫҚ СЕКТОРДАҒЫ ЛИЗИНГТІК ҚАРЖЫЛАНДЫРУДЫ БАСҚАРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Женсхан Д., Жанбайбек Ф.К.

Қазіргі кезде Қазақстандағы ауыл шаруашылығы кәсіпкерлері үшін өнімділігі жоғары, заманауи талаптарға сәйкес келетін инновациялық техникаларымен өндірісті қамтамасыз ету күрделі сұрақтарыдың біріне айналып отыр. Себебі, ауыл шаруашылығы саласы өнімділігі жоғары техникалар мен технологиялармен қамтамасыз етілуі жағынан басқа салалармен салыстырғанда әлде қайда артта қалуымен сипатталады. Соның салдарынан, көптеген дамушы елдерге қарағанда Қазақстанда негізгі дақылдар бойынша өнімділіктің төмен екендігі де жасырын емес, бұл қазақстандық ауыл шаруашылы өнім өндірушілердің бәсекеге қабілеттілігіне кері әсер етеді.

Еліміздегі ауыл шаруашылығын лизингтік қаржыландырудағы орын алып отырған проблемаларды шешуге мемлекет тарапынан көп күш жұмсауы керек деп есептейміз. Әсіресе, соңғы жылдары Кеден Одағына кіретін мемлекеттердегі ауыл шаруашылық техникаларының бағасының жоғарлауы, оған салынатын кедендік салық мөлшерінің артуы отандық кәсіпкерлердің бәсекеге қабілеттілігін төмендетуде. Қазақстанның Дүнежүзілік сауда ұйымына (ДСҰ) кіруі қазақстандық ауылшаруашылық өнімін өндірушілердің жағдайын қиындатуда. Осыған сәйкес, ауыл шаруашылығы кәсіпкерлерін заманауи техника және технологиялық қамтамасыз ету, оларға мемлекеттік қаржылық қолдауда мемлекеттің рөлі өте жоғары екендігін көруге болады. Себебі, жаһанжық бәсекелестік жағдайында ауыл шаруашылығы саласының тұрақты дамуын сақтап қалу үшін оны мемлекет тарапынан қолдап отыру, дамыған мемлекеттер тәжірибесімен дәлелденген.

2017 жылғы 31 қаңтарда Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Жолдауында аграрлық сектор экономиканың жаңа драйверіне айналуы керек екендігін атап өтті. Осы жолдауда алдағы уақытта аграрлық өнімдерді көптеп өндіріп, әлемде ірі аграрлық экспорттық өнім өндіруші елдердің бірі болуы керек екендігімізді мемлекеттік деңгейдегі басты мақсат екендігін атап көрсетті. Сонымен қатар, астық өнімдері бойынша Қазақстанның Еуразияда «нан кәрзеңкесі» болуы керек екендігін және шикізат өндірісінен сапалы өңделген өнім шығаруға көше отырып, халықаралық нарықтарда бәсекеге қабілетті болу керек екендігін айтты [1]. Демек, мемлекеттік деңгейде анықталып отырған, бұл мақсаттарға қол жеткізу үшін ауыл шаруашылығы саласын өнімділігі жоғары, инновациялық техникалар мен технологиялармен қамтамасыз ету қажет екендігін анық көруге болады. Бұл қажеттілік аграрлық сектордағы лизингтік қаржыландыру арқылы ғана мүмкін болмақ. Себебі, мұндай техникалар мен технологиялар үлкен

қаржылық шығындарды қажет етеді. Осыған қарамастан мемлекет ауыл шаруашылығын ауыл шаруашылық техникаларымен жыл сайын қаржыландырып отыр. Оны «ҚазАгроҚаржы» АҚ-ның жылдық есептерінің мәліметтері аясында ауыл шаруашылығы саласы бойынша қаржыландырудың үш жылдық көрсеткіштерінде көрсетілген, келесі мәліметтерден көруге болады (Кесте – 1).

2015 жылы ауыл шаруашылығы, арнайы техникамен жабдықтардың 4 195 бірлігін сатып алуға «ҚазАгроҚаржы» АҚ 57,5 млрд. теңге көлемінде қаржыландырылды. Жалпы ауыл шаруашылық техниканы жыл сайын қаржыландыру байқалады, алайда 2015 жылдағы (10% сандық көрсеткіште және 0,4% сомалық көрсеткіште) шамалы төмендеулері ұлттық валютаның өткен девальвациясына байланысты техниканың қиыр және таяу шет ел мемлекеттерінен сатып алу құнының қымбаттауына негізделген [2].

1 – кесте. Лизингке техника мен жабдықтарды сатып алу серпіні, млн.теңге

Атауы	2013 ж		2014ж		2015ж		Ауытқу (+;-) алдыңғы кезеңге	
	бірл.	сома	бірл.	сома	бірл.	сома	бірл.	сома
Егіс кешендері	99	2 802	130	3247	52	1774	-78	-1473
Тракторлар	1250	9362	1477	11144	1334	10732	-143	-412
Комбайндар	727	17054	735	21681	594	19200	-141	-2481
Сепкіштер	155	306	56	109	103	1501	47	1392
Өзг. техникалар	1254	6846	2107	10889	2020	8238	-87	-2651
Жабдықтар	52	5157	89	10700	92	16083	3	5383
Жиынтық	3537	41527	4594	57770	4195	57530	-399	-240
Ескерту: «ҚазАгроҚаржы» АҚ-ның жылдық есебі мәліметтері бойынша құрастырылған.								

2015 жылдардан басталған шикізат ресурстарына бағаның төмендеуі, жаңа ақша – несиелік саясатының жүргізілуі, еркін айналымдағы валюталық курстар ауыл шаруашылығы саласына өзіндік деңгейде кері әсерін тигізіп отыр. Нәтижесінде көптеген лизингтік компаниялар, соның ішінде клиенттік тәуекелдің өсуін ескергенде олар өздерінің несиелік және баға саясатын қайта қарастырды. Дәлірек – өздерінің клиенттері үшін алғашқы төлем көлемін ұлғайтты, сонымен қатар лизинг мерзімін қысқартты. Осы жағдайлар ауыл шаруашылығы саласын техникалық қамтамасыз етуде бірқатар кедергі келтіреді.

Ауыл шаруашылығы өнімдері өндірісінің көлемдерін ұлғайтуда ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіруді инновациялық ылғал сақтайтын технологияларға ауыстыру арқылы қажеттілікті нығайту маңызды болып отыр. Еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін, оның экспорттық әлеуетін, валюталар

ағынын және жем-шөп өндірісі үшін шикізатты жеткізуші ретінде мал шаруашылығын дамытуды қамтамасыз ететін Қазақстанның ауыл шаруашылығында жетекші орын алатын еліміздің негізгі агрономия ресурсы, астық өндірісінің инфрақұрылымы өзінің дамуын талап етеді [3]. Осыған сәйкес, қазіргі кезде ауыл шаруашылығының балық өндіріс салалары үшін лизингтік инновацияларды қолдану аса қажеттілікті көрсетеді. Ауыл шаруашылығы шикізатын қайта өңдеу және дайын өнімді пайдалануға дейін оны жеткізу Қазақстандық аграрлық сектор үшін әлі шешілмеген мәселе болып қалуда.

Қазақстанның қайта өңдеу салаларының экономикасын дамыту шикізаттың төмен сапасымен, дайындау, тасымалдау және шикізатты сақтау логистикасындағы кемшіліктер бір жолға қойылмаған. Шикізаттың жетіспеуі және уақытылы жеткізілмеуі қайта өңдеуші кәсіпорындардың жүктелмеуіне әкеліп соғады [4]. Осыған қайта өңдеуші кәсіпорындарды технологиялық жарақтандырудың орташа төменгі деңгейін қосу керек. Жабдықтар дайын бұйымдарды ұзақ мерзімге сақтауды қамтамасыз ететін жақсы орамасы бар сапалы өнімдерді шығару үшін қазіргі заманғы талаптарға сәйкес келмейді. Бұл факторлар қазақстандық ауыл шаруашылығы өнімдерін және оның қайта өңдеу өнімдерін ел ішінде және одан тыс жерлерде бәсекеге қабілеттілігін төмендетуге алып келеді. Бұл ішкі нарықта импорт көлемінің ұлғайуына алып келіп отыр.

Әлемнің дамыған елдерінің тәжірибесін ескеретін болсақ, ауыл шаруашылығы саласының шикізаттарын өңдеу, дайын өнім түрінде нарыққа ұсыну күнделікті өндірістік процеске айналған. Бұл жағдайлар біріншіден, өндірістік қалдықтарсыз өнім өндіруді, екіншіден ауыл шаруашылығы шикізаттарының пайдалы қасиеттерін, оның ішінде өнімдерде қамтылатын дәрумендерді сақтап қалуға мүмкіндік береді, үшіншіден адамдарды жұмыспен қамтуды қамтамасыз ете отырып, ауылдық өңірлердің дамуына ықпал етеді.

Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын индустриялық-инновациялық дамытуды нысаналы қаржыландыру немесе жоғары технологиялық инновациялық жобалардың жанама қаржы құралдарын қолдау арқылы жүзеге асыру қажет. Осыған байланысты лизинг негізінде ауыл шаруашылығы шикізаттарын қайта өңдеуді қарқынды дамытуға болады. Осы жағдайда нақты өндірісті нысаналы инвестициялауға болады және логикалық жағынан, атап айтқанда лизинг арқылы ауыл шаруашылығының шикізатын қайта өңдейтін өндірістермен инновациялық жарақтандыру мүмкіндігі пайда болады. Отандық ауыл шаруашылығы өндірістерінің инновациялануы нәтижесінде ішкі тұтынуды арттыруға, қазақстандық азық-түлік өнімдерімен қайта өңдеу өнеркәсібінің өнімдерін сыртқы нарыққа жылжытуды кеңейте отырып, ауыл кәсіпкерлерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға болады [5]. Бұл ретте, отандық өнімнің жоғары сапасы қазақстандық тұтынушылар үшін тартымды болуы мүмкін.

Қазіргі кездегі лизингтік қаржыландыру негізінде инновациялық технологияларды қолданып отырған, ішкі және халықаралық нарықтарда өздерінің орнын анықтаған Қазақстандық азық-түлік өнімдерін өндірушілерге келесі компанияларды атап өтуге болады: «Рахат» және «Конфеты бараночки» фабрикалары, «Фуд Мастер» сүт өнімдері, «Красу-Ет» және «Беккер» шұжық

бұйымдары мен т.б. Бұл компаниялар өнім шығаруда және орауда инновациялық технологияларды қолданған және басқа фирмалармен салыстырғанда аталған фирмалардың өнімдеріне сұраныс басым [6]. Аталған өндірістер өзінің технологиялық жабдықтарының бір бөлігін лизинг негізінде сатып алған.

Лизингтік операцияларды кеңейту, лизингтік инвестициялау көлемінің аз болуы, ауыл шаруашылығы кәсіпкерлерінің барлығына бірдей қолжетімді болмауы, Қазақстандағы аграрлық сектордың азық-түлік өнмін өндірушілері үшін өндіріс көлемін арттыруда кедергі келтіреді. Сол себепті, елімізде ауыл шаруашылығын одан әрі дамыту үшін инновациялық жабдықталған, технологиялық жарактандыру жолын басты бағытқа қойған дұрыс деп есептейміз, олай болмаған жағдайда ешқандай да кредит, жеңілдікпен берілген лизинг күтілген нәтижені бермейді, ал мемлекеттік аграрлық секторға жіберетін ауқымды қаржы ағындары аз тиімділікпен пайдаланылады. Ауыл шаруашылығында инновациялық технологияларды жылдам әрі тиімді пайдаланатын жаңа технологиялық құрылысты құру – бұл аграрлық сектордың алдына қойылған міндеттерді іске асыруға мүмкіндік беретін бірден-бір тәсіл болып табылмақ.

Ауыл шаруашылығы проблемаларын шешу кезінде жаңа технологиялық құрылымға шығу жолында кешенділік қажет. Атап айтқанда, асыл тұқымды малдарға лизингтік және басқа да қаржылық салымдар салуының нәтижесі күтілетін нәтиже бермейді, егер мал сатып алсақ оған тиісті жем-шөп жоқ. Егер бір табында асыл тұқымды бұқалармен бірге қарапайым бұқалар болса, егер мал дәрігері қажетті вакциналардың болмауы салдарынан малға тиісті егуді уақытында жасамаса және т.б. Сондай-ақ, егер ұзақ мерзімді кешенді бағдарлама болмаса, өнім өсіру үшін лизинг бойынша сатып алынған техника да тап осылай нәтиже бермейді. Бағдарламаның ұзақ мерзімділігі дегенді біз инновациялық технологияларды өндіру деп түсінеміз, ол эксперименталды кезеңде жоғары нәтиже беріп, одан әрі күнделікті болып кетеді. Ескі көзқарастағы және дәлелденбеген қағидалармен жүрмейтін жаңа мамандар қажет. Осы орайда, нақты айтқанда, аграрлық секторда менеджмент мамандығы бойынша «Болашақ» бағдарламасымен оқитындардың санын ұлғайту орынды болады. Жалпы, байланысты жеке мүмкіндіктерге өзгерту, ауыл шаруашылығы саласында жеке әзірлемелерді кеңінен өндіру қажет.

Бүгіндері шетелдік технологиялар ірі және орта шаруашылықтар үшін ғана қолжетімді. Фермерлердің көпшілігінің оларды қолдануға іс жүзінде мүмкіндіктері жоқ. Ұсақ шаруашылықтар мұнымен қоса көптеген проблемаларды артып келеді (ластайды, далалар малдар және т.б.). Осыған байланысты, ауыл шаруашылығын дамытудың мемлекеттік бағдарламасына ауыл шаруашылығын ірілендіру жөніндегі экономикалық шараларды әзірлеуді қосу дұрыс болар еді. Айқын болуы үшін ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің күштерін біріктіру ерекшелігі. Бұл бағыт аграрлық сектордың лизингісінде де оң үлгіде көрінер еді. Ол ауылдық кәсіпкерлер үшін аса қолжетімді және онша қымбат емес.

Ауыл шаруашылығы теңгерімді болуы тиіс. Қазақстанда жем-шөптің тапшылығы кезінде астық дақылдарын қайта өндіру ауыл шаруашылығындағы

жағымсыз фактор. Ауқымды проблемалары бар дисбалансты жою үшін егін себу құрылымын дифференциялауды жүргізу орынды (дақылдардың қайта өндірілген көлемін өткізу, ауыл шаруашылығын дамыту үшін жем-шөптің жетіспеуі, және т.б.). Егін себу құрылымын оңтайландыру механизмдерінің бірі – бидай өндірісі бойынша субсидиядан ауыл шаруашылығы техникасын, кредиттерді арзандатуға, кепілдендірілген бағамен бидай сатып алуға лизингті арзандатуға ауысу.

Тамшылап суару бойынша жабдықтың кешенін жеткізу арқылы тамшылап суарылатын даланың санын кеңейту жолымен лизингті кеңейту мүмкін. Бұл Қазақстанға су тапшылығында, суды тиімді пайдалану және өсімдік шаруашылығы өнімдерінің қалыпты жоғары астығын алуға мүмкіндік береді.

Осылайша, жаңа технологиялық құрылысты қалыптастыру арқылы ауыл шаруашылығын инновациялар негізінде дамыту саланың өнімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Өндірістің аграрлық секторындағы инновациялар осы шығындарда өнімнің үлкен шығымын алуға мүмкіндік береді. Осы орайда, аграрлық сектордағы лизинг – лизингтің жаңа бағыттарын құру – ғылыми мақсаттарға лизинг беру, дәлелденген ғылыми әзірлемелерге ие отандық ғалымдарды қолдау, ауыл шаруашылығына техникалар мен жабдықтарды инновациялық жеткізу үлесін ұлғайту есебімен ауыл шаруашылығында инновациялық дамуға ықпал ете алады.

Бұдан басқа, Қазақстанның ауыл шаруашылығында қайта құрудың маңызды қатысушысы ретінде «ҚазАгроҚаржы» АҚ инновациялық дамытуға ашық, жаңа, тиімділігі жоғары құрылымдарды құру үшін ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын біріктіруді экономикалық ынталандыру шараларын ауыл шаруашылығын дамыту бағдарламасына қосуға бастамашылық ету.

Әдебиеттер тізімі

1. Н.Ә. Назарбаев «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Қазақстан халқына Жолдауы. Астана, Ақорда // Егемен қазақстан. — 2017 жылғы 1 ақпан.
2. «ҚазАгроҚаржы» АҚ жылдық есебі, 2015.[ЭР]. <http://www.raexpert.kz>
3. Газман В.Д. Лизинг: финансирование и секьюритизация. - Учеб. пособие. - Москва, 2014.– 467 б.
4. Raimbekov Z., Syzdykbayeva B., Zhenshan D., Bayneeva P., Amirbekuly Y. «Study of the state of logistics in Kazakhstan: prospects for development and deployment of transport and logistics centres» Transport Problems.International scientific journal. Volume 11 Issue 4.-2016.
5. Рынок лизинга в Казахстане - прогнозы экспертов // prodengi.kz
6. Гусев А. Современные проблемы лизинговых отношений в аграрном секторе//Международный сельскохозяйственный журнал. № 2, 2012 г, - 23-27 б.